

Ж. Абдығалимова

## БЕЙНЕЛІ АТАЛЫМДАРДЫҢ НОМИНАТИВТІК ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ТАНЫМНЫҢ МӘНІ

Әлем бейнесі мәселелері қазіргі тіл білімінде теориялық семантика, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану және лексикография аясында қарастырылады. Тіл білімінде Р.Лангакр, Дж.Тэйлер, Дж.Лакофф, В.В.Воробьев, Е.С.Кубрякова, В.А.Маслова, Ю.Д.Апресян, Ю.Н.Караулова, Б.А.Серебрянников, Ю.С.Степанов, С.Д.Смирнов және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерінде көрініс табады. Қазақ тіл білімінде Т.Жанұзақов, Ә.Әбдрахманов, Е.Керімбаев, Б.Қасым, А.Салқынбай, Г.Мадиева, Б.Тілеубердиев, Қ.Рысберген т.б. топонимикалық аталымдардың қалыптасуындағы тілдік заңдылықтарды әр қырынан арнайы қарастырады. Егер аталған мәселеге нақты бір халықтың өмірді қабылдауының ішкі вербалды көрінісі тұрғысынан қарайтын болсақ, онда әлем бейнесіне лингвомәдени және тарихи-этнологиялық категория ретінде міндетті түрде әлемді тілдік тұрғыдан концептуалдау тәсілдерін қосуға болады. Соның бір көрінісі топонимикалық аталымдарда кездеседі.

**Топонимика** – гр. «*topos*» – жер, мекен және «*опута*» – «*ат, атау*» деген сөзінен шыққан географиялық атауларды, оның мән-мағынасын зерттейтін ономастиканың негізгі бөлігін білдіреді, *топонимия* – белгілі бір елдімекеннің (аудан, облыс, елдің т.б.) географиялық атауларының кешені деген сөз. Әрбір нысандардың бейнелі топонимдік аталымдарын сипаты бойынша төмендегідей негізгі түрлерге бөлінеді:

- гидроним – гректің «*hydor*» – «су» деген сөзі, яғни су нысандарының атауы;

- ороним – гректің «*oros*» – «*тау*» деген сөзі жер бетіндегі бедерінің кез-келген бірлігінің жалқы атауы, оның ішінде *тау, төбе, шоқы, құз* және т.б. атауы;

- ойконим – гректің «*oikos*» – «*тұрғылықты мекен*» дегенді білдіреді, кез-келген елдімекеннің жалқы атауы, оның ішінде қала типтегі атау – *астионим*, ауыл типтес елдімекен – *комоним* деп аталады;

- космоним – жер бетінен тыс нысандардың атауы: *Ай, Күн, Марс* т.б. Ал нысандардың көлемі бойынша топонимдердің екі басты деңгейін атап көрсетіледі:

- макротопонимия – ірі табиғи немесе адамзат қолымен жасалған нысандардың және саяси әкімшілік бірлестіктердің атауы;

- микротопонимия – шағын географиялық нысандардың, әсіресе жергілікті ландшафтың (*орман, тоғай, алаң* т.б.) атауларын жекелей атау [1, 327 б.].

Әрбір географиялық атаулар өте кең көлемдегі ақпаратты береді, нақтырақ айтқанда қандай тілге және ұлтқа тиесілі екендігі, халықтардың көші-қоны, аймаққа қоныстану тарихы, пайда болуы, атаулардың өзгеруі, мағыналық беретін мазмұны туралы мәліметтерді алуға болады. Сол сияқты оған топонимдерді бір тілден екінші тілге жазу, ауыстыру, да жатады. Бұл дегеніміз топонимика бірқатар ғылымдар үшін, мәселен, тарих, география, лингвистика, этнография сияқты ғылымдар үшін өте маңызды мәнге ие болады деген сөз. Оның ішінде бірінші кезекте жалқы атаулар лингвистердің, тіл мамандарының өте мұқият назар аудару объектісіне айналады. Неліктен бұлай дейтін болсақ? Оның жауабы өте қарапайым ғана, себебі, кез-келген атау жанды немесе жансыз табиғаттың қандай объектісіне - адамға, жануарларға, өзен, көлдерге, ауыл-аймаққа, кітапқа және т.б. байланысты болуына қарамастан бұл сөз, ал сөз ретінде ол тіл жүйесіне енеді, тіл заңы бойынша түзіледі, белгілі бір заңдылық бойынша сөзге айналады және одан әрі мүмкін деген өзгерістерге ұшырайды.

Топонимикалық лексика тілдің сөздік құрамының өзге де бөлімдерімен тығыз байланыста дамиды. Ол өзіне тілде пайда болған барлық жаңалықтарды таңдап алады, оның ішінде өзгеріп жатқан әлеуметтік және саяси-экономикалық, өндірістік қарым-қатынасты, техника жетістіктерін, ғылым жетістіктерін көрсететін жаңа сөздерді де қамтиды.

Топонимикалық лексиканың жалпылама лексикадан бірқатар өзіне тән айырмашылықтары болады. Олардың қатарына төмендегідей ерекшеліктер жатады:

- ономастикалық номинацияның екінші рет қайталануы;

- номинацияның әрбір актісінің жекелей болуы;

- атаулардың аталатын нысанмен аса тығыз байланыста болуы;

- атаудың ұғыммен тікелей байланысының болмауы (ол аталатын объектінің ұғымы арқылы жүзеге асырылады);

- аталатын байланыстың, оның ішінде атаудың мәтін желісімен мағыналық құрамдас бөлігімен байланысының болмауы;

- атаудың өзі пайда болған мәдени-тарихи дәуірмен өте тығыз байланыста болуы.

Жалқы атаулардың мағынасы өзі пайда болған жалпы атаулардың мәніне тең болмайды және онымен ешқашанда шектелмейді. Атаудың маңыздылығы ең алдымен оның көмегімен аталатын нысанның әйгілі болуымен танымал болады. Бұл фактор қоғамдық тарихи сипатқа ие болады. Бұл жайында тілші Қ.Рысбергген: «Жерсу атауларында лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың үйлесім табуы тіл мен сананың, тіл мен кеңістіктің байланысын айқын байқауға мүмкіндік береді» дейді [2, 10 б].

Топонимдердің шығу тегін анықтау мәселесі – өте күрделі үдеріс. Қалыптасқан бейнелі аталымды тек тілдік талдау әдісімен саралау жеткіліксіз, сонымен қатар тарихи және географиялық дереккөздерін кеңінен пайдалану қажет. Тілдік тұрғыдан талдау көп жағдайда топонимдерді екі жақты түсіндіру сияқты мүмкіндіктерді береді, тек табиғи ерекшеліктерін білу, сондай-ақ жергілікті жердің тарихын білу – барынша шынайы этимологияны таңдап алуға көмектеседі. Ежелгі заманнан осы кезеңге дейін жеткен көптеген топонимдік аталымдар бірнеше мыңдаған жылдар бойы өмір сүріп келеді. Кейде кейбір топонимдік атаулардың өзгерген түрде жетуі де тарихи факт. Немесе топонимнің *уәжі, негізі* болып табылатын аталымдардың *мағынасы, семантикасы* қазіргі қолданыста басқа мағынаға, семантикалық өріске ие болуы я болмаса өзгеріске түсуі әбден мүмкін, сондықтан бүгінгі ұрпақ кейбір қала, ауыл, елдімекен немесе өзен атауының беретін мағынасын біле бермеуі, түсінбеуі шындық. Әрбір топонимдік атаулар кең көлемдегі тарихи ақпаратты береді және шығу, қалыптасу тұрғысынан қандай тілге және ұлтқа тиесілі екендігі, халықтардың көші-қоны, аймаққа қоныстану тарихы, атаудың пайда болуы, өзгеруі, мағыналық беретін мазмұны туралы мәліметтерді алуға болады. Сол сияқты оған топонимдерді бір тілден екінші тілге жазу, ауыстыру, да жатады. Бұл дегеніміз топонимика бірқатар ғылымдар үшін, мәселен, тарих, география, лингвистика, этнография сияқты

ғылымдар үшін өте маңызды мәнге ие болады деген сөз. Оның ішінде бірінші кезекте жалқы атаулар лингвистердің, тіл мамандарының өте мұқият назар аудару назарына айналады. Оның себебі кез-келген атау жанды немесе жансыз табиғаттың қандай нысанына - адамға, жануарларға, өзен, көлдерге, ауыл-аймаққа және т.б. байланысты болуына қарамастан бұл аталым, ал аталым ретінде ол тіл жүйесіне енеді, тіл заңы бойынша түзіледі, белгілі бір заңдылық бойынша атауға айналады және одан әрі тілдің заңдылықтарымен өзгерістерге ұшырайды.

Қазіргі өмір сүріп жатқан жер бетіндегі халықтар мен ұлттардың тілінде мүлде мағыналық мәнін ашпайтын топонимдік нысандардың атауы да бар: • тарихи тұрғыдан белгілі, бірақ қазір жер бетінен жойылып кеткен; • басқа алшақ аудандарға кетуі мүмкін; • бұл аймаққа басқа жақтан келіп, бірақ жергілікті тұрғындардың арасында сіңісіп кеткен т.б.

Қазақ ономастикасында топонимдер семантикалық, құрылымдық әдіс тұрғысынан жүйелі түрде зерттеліп келеді. Мұнда ономастикадағы семантикалық және құрылымдық қатынастардың типологиясына назар аударылды. Қазақ ономастикасында, сондай-ақ тіл білімінде таным шарттары мен құралдары ретінде тілдің рөлі, қызметі мен аталым жасаудағы тілдің таңбалау жүйесі екенін айқындауға мән беріл отыр. Мәселен, қазақ тілінің жалқы есімдері ономастикалық номинацияның соңғы нәтижесі, өнімі ретінде қарастырылды, сонымен қатар аталымда түсіндіру лингвистикалық бірліктер ретінде олардың қасиеттері мен белгілерін жаңа бағытта саралауды талап етеді. Дегенмен, қазақ онимдерін атау мен олардың қызметінде адамның *танымдық* және *менталдық* қызметі лингвистикалық зерттеуді қажет етеді.

Ғаламның тілдік бейнесінің әр этноста әр түрлі болуы, сол этностың тәжірибесімен, білімімен байланысты. Себебі тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады. Сөздің артында ақиқаттың, шындықтың үзгі тұрады, оның тілдік бейнесі әр халықта әр түрлі болмақ. Ғаламның жалпыға бірдей болуы, ұқсас заттардың болуы олардың санада бейнеленуінің ұқсас болуын қамтамасыз етеді. Алайда адамзатқа ортақ нәрсенің негізінде ұлттық ерекшеліктер жасалады.

Қазақ онимдерінің гносеологиясы мен тіл бірліктерінің мақсаты мен мәнін зерттеудегі когнитивті әдісте тіл білімінің, жалпы білімнің негізін қалайтын менталдық құрылымдардың

ономастика мен ономастикалық үдерістерге тигізетін әсерін міндетті түрде ескеру қажет, олардың бірі – «ғаламның тілдік бейнесі» ұғымы. Ғалам бейнесі – қоршаған орта мен адам туралы ақпаратты қайта өңдеудің нәтижесі. Ғалам бейнесі дүниенің біртұтас ғаламдық образы, ол адамзаттың бүкіл рухани белсенділігінің нәтижесі болып табылады, адамның әлеммен жасайтын барлық байланыстары барысында пайда болады.

Ю.Н.Караулов, Г.В.Колшанский, Б.А.Серебряников т.б. лингвистер тарапынан ғаламның *концептілік және тілдік бейнесі* ажыратылып көрсетілді. Тілдік таңбада берілген дүние туралы білімдердің жиынтығы түрлі тілдік концепцияларда бірде «ғаламның тілдік репрезентациясы», бірде «ғаламның тілдік моделі», бірде «ғаламның тілдік бейнесі», бірде «тіларалық ғалам» деп көрсетіліп жүр. Егер ғаламның тілдік бейнесі түрлі деңгейдегі тілдік бірліктерде ғаламның ұлттық бейнесін көрсетсе, онда ономастикалық деңгейдегі жалқы есімдер ғаламның ұлттық, тілдік бейнесінің үзіктері болып табылады да, ғаламның ономастикалық ұлттық бейнесін құрай алады деп қисынды түрде айтуға болады.

Осыған орай қазақ ономастикасының ұлттық болмыс концептілерін жасауға қатысты тіл мен таным үдерістерінің арақатынасын көрсету тіл қолданысының когнитивті жүйесіне сүйенеді. Ғаламның тілдік бейнесі, ұлттық болмысы әр этноста әр түрлі болуы этностың тәжірибесімен, білімімен байланысты. Өйткені тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында ғана емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады. Оның тілдік бейнесі, ұлттық рухани болмысы әр халықта әр түрлі.

Қазақ халқының көру, есте ұстау, ұлттық дүние бейнесін қабылдау қабілеті ерекше дамыған. Б.Қасым қазақ халқының ұлттық рухани болмысын бейнелейтін ономастиканың өмірде маңызды орын алып, олардың дала алқабы мен шөлді жайылымдары да көші-қон кезінде белгілі қызмет атқарғанын байқауға болады. Ономастикалық атауларда этнос пен табиғат байланысын бейнелейтін атаулардың көп болуы топонимикалық нысандарға негізделгенін, қазақтардың тұрмыс-салты, этномәдени, тіршілігі меншаруашылық түрінің өзіндік ерекшеліктерімен байланысты түсіндіруге болады. Белгілі бір топонимикалық нысанның *түрін, түсін, пішінін, көлемін көру, ұқсату* т.б. *үзгісі* арқылы қабылдаған. Бұл қабылдауда

ұлттық этнографиялық нысандар жататынын келтіреді [3,121 б].

Л.М.Дмитриева: «Ғаламның ономастикалық бейнесінде кеңістік категориясы едәуір маңызды рөл атқарады, өйткені бұл категория адам мен оның өмір болмысы арасын біріктіре қарастырады». «Кеңістік концептісі» дүниенің ономастикалық бейнесінде тұлғаның ономастикалық санасы, фрагменті ретінде оның менталдық көрінісі мен тілдік байланысу негізін қалаушы концепті болып табылады. Ономастикалық атауларда ұсынылып отырған кеңістік өз өмір тіршілік қызметінің құндылықтары арқылы ғаламды қабылдаушы, субъекті тұрғысынан алғанда халықтық болып саналады. Ғаламның ономастикалық бейнесіне ғалам туралы, адамның бір нәрсе жайлы қалыптасқан мағлұматы, бағдарланған білімі енеді. Ғаламның ономастикалық бейнесі тілдік таңбаларда, бейнелі аталымдарда ғаламды қабылдаудың тәсілдері мен формаларын бейнелейді.

Ғаламның ономастикалық бейнесін, ғалам туралы білімдердің жиынтығын, тілдің жеке бірліктерінде нақты тілдік қауымдстықтың ұлттық мәдени әлеуметтік тәжірибесі ретінде елестетуге болады. Адам баласының қандай да бір лингвомәдени қауымдастығының құнды тәжірибесі дүниені тануы мен түсінуі – тілде жалпы есімдер арқылы ғана емес, сондай-ақ жалқы есімдер арқылы да берілетіндігі тілде бар құбылыс. Сондай-ақ жалқы есімдер онимдер арқылы тілдік таңбаларға, тірлік бірліктерге айнала отырып, ғаламның ономастикалық моделін, кескін-келбетін жасай алатындығын назардан шығармау. Ғаламның ономастикалық моделі немесе бейнесі адамның ғалам туралы түсініктерін және ғаламды тану қасиеттерін бейнелейді.

Бейнелі аталымдарды ғаламның тілдік бейнесі тұрғысынан зерттеуге арналған когнитивті әдіс кезінде тілдік таңбаларда жалқы есімдерде берілген білімді концептілеу мен категориялау үдерістері ескерілу тиіс. Ғалам туралы аталған білімдерді интерпретациялау – (ойды ашып көрсету), оны елестету, іске асыру кезінде тілдік үдерістерді, ономастиканың тілдік бейнесін, оның концептілерін вербалдау тәсілдері тұрғысынан зерттеу. Тілдік концептілерде этникалық мәдениеттің негізгі өкілі туралы және дүниенің тілдік бейнесі туралы білімдер этномәдени, әлеуметтік мәдени факторлармен байланыста болып келеді. Сол себепті олардың арақатынасы бейнелі топонимдік аталымдарды когнитивті семантикасын суреттеуде ескерілуі тиіс.

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.- 440 б.

2. Рысбергел Қ. Қазақ топонимиясының лингво-когнитивтік және этномәдени негіздері. Филол. ғылым. доктор. ... Авторефераты. – Алматы, 2010. – 48 б.

3. Қасым Б. Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалы аспектілері. (ғылыми мақалалар). – Алматы: ЖК Волкова А.В., 2010. – 371 б.

\*\*\*

В данной статье рассматриваются познавательные значения образных номинативных функций.

\*\*\*

This article describes the cognitive value shaped nomination function.

*А. Э. Аллахвердиева*

## СРАВНИТЕЛЬНОЕ ИЗУЧЕНИЕ ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЕЙ ГЛАГОЛОВ ГОРИЗОНТАЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ: НА МАТЕРИАЛЕ АНГЛИЙСКОГО И АЗЕРБАЙДЖАНСКОГО ЯЗЫКОВ

Систематизация глаголов движения, определение особенностей их реализации, семантических типов имеет большое значение не только для английского и азербайджанского языков, но такое исследование в целом полезно и для общего языкознания.

Глаголы горизонтального движения в английском и азербайджанском языках, входящих в различные типовые группы, являются универсальными языковыми единицами, которые с точки зрения содержания обладают одинаковыми и тождественными лексико-семантическими функциями. Это связано с тем что, движения, обозначаемые глаголами, являются по своей сути диалектическим понятием, и поэтому их выражение в разных языках могут совпадать. Однако при обозначении объективных реалий использование единиц языка обуславливается возможностью каждого языка называть вещи и понятия. Именно поэтому горизонтальные движения в сравниваемых языках выражаются различными лексическими единицами. Несмотря на тождественность по содержанию, они различаются друг от друга по языковым элементам. Эти различия дают о себе знать в особенностях реализации, направления глаголов горизонтального движения, в своеобразностях закономерностей и внутренних лексических возможностей каждого языка (1, с.40).

Для выявления специфических особенностей азербайджанского и английского языков и анализа оттенков значений необходимо провести детальное изучение значений и выразительных возможностей глаголов горизонтального движения в сравниваемых языках.

Если анализировать глагол горизонтального движения *to go*, то выяснится, что данный глагол в сочетании с другими словами выражает не только собственное значение, но и привносит в конструкцию дополнительную семантику.

Глагол горизонтального движения *to go* полисемантивен. В результате исследований выяснилось, что в словарях представлено более 30 значений этого глагола.

В большем количестве встречаются сочетания типа «*to go+prep.+noun*». Например:

*To go on a journey – путешествовать*

*To go on a world trip – отправиться в кругосветное путешествие*

*To go on a tour – путешествовать*

*To go on a cruise – путешествовать по морю*

*To go down to the sea – отдохнуть у моря* и т.д.

Как видно из примеров, выражения, состоящие из моделей «*to go+prep.+noun*», создают вокруг глагола «*to go*» семантическое поле. В этом семантическом поле сочетание слов происходит по определенным закономерностям. В сочетаниях «*to go+prep.*» со значением «*путешествовать*» объединение предлогов *on* и *down* с глаголом подчинено некоторым правилам. Это означает, что сочетания *to go on* и *to go down* можно считать синонимами. Однако сочетания, обозначающие путешествия, употребляются с выражением *to go down*. Среди обозначений названий путешествий *to go on* и *to go down* в соответствии с определенными закономерностями преобладают в сочетаниях «*to go down+существительное*». Например: *to go down to the country; to go down to the sea; to go down to the seaside* и т.д.